$a + b + c - 1 \leqslant 2\sqrt{abc} \Leftrightarrow (a + b + c - 1)^2 \leqslant 4abc \Leftrightarrow$

$a^2 + b^2 + c^2 + 2ab + 2bc + 2ca - 2a - 2b - 2c + 1 \leqslant 2abc + (a^2 + b^2 + c^2 - 1) \Leftrightarrow$

$ab + bc + ac + 1 \leqslant abc + a + b + c \Leftrightarrow$

$0 \leqslant (a - 1)(b - 1)(c - 1)$, то верно, ч.т.д.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «МАТЕМАТИКАЛЫҚ РЕГАТА» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕСЕПТЕРІ



ТАУАС ЕРНАР ІЗБАСАРҰЛЫ

Орал қаласы, 125 High School
математика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы

Математика олимпиадалары – математикалық білімді тереңдетуге және ойлау қабілетін шыңдауға бағытталған ерекше сайыстар. Олимпиада есептері стандартты мектеп бағдарламасындағы есептерден күрделілігімен және ерекше шешім жолдарымен ерекшеленеді. Олар оқушылардан креативтілік пен логикалық ойлауды, математикалық заңдылықтарды терең түсінуді талап етеді.

Олимпиада есептері бірнеше негізгі сипаттамаларға ие:

1. Креативтілік пен логикалық ойлауды талап ету: Көп жағдайда есептер стандартты әдістермен шығарылмайды, ал олардың шешімін табу үшін жаңа, ерекше тәсілдер қажет.

2. Теориялық білімнің жоғары деңгейі: Олимпиадалық есептерді шешу үшін математика теориясын тереңірек түсіну қажет. Мысалы, сандар теориясы, геометрия, комбинаторика және алгебра саласындағы ерекше заңдылықтарды білу керек.

3. Модельдеу және анализ: Олимпиадалық есептерде белгілі бір құбылысты немесе проблеманы математикалық модельдеуге, оның заңдылықтарын талдауға көп көңіл бөлінеді.

Олимпиада есептерінің негізгі түрлері:

1. Алгебралық есептер: Бұл есептер теңдеулерді шешу, функциялардың қасиеттерін зерттеу немесе теңсіздіктерді дәлелдеумен байланысты.

- Мысалы, белгілі бір айнымалыға қатысты күрделі теңдеуді шешу немесе бірнеше айнымалылармен байланысты жүйені қарастыру.

- (kz) Теңдеудің барлық нақты мәндерін табыңыз: $x^4 - 2x^3 - 3 = 0$
- (ru) Найдите все действительные корни уравнения: $x^4 - 2x^3 - 3 = 0$

Шешімі:

$$x^4 - 2x^3 - 3 = 0$$
$$x^4 + x^3 - 3x^3 - 3 = 0$$
$$x^3(x+1) - 3(x^3+1) = 0$$
$$x^3(x+1) - 3(x+1)(x^2-x+1) = 0$$
$$(x+1)(x^3 - 3(x^2-x+1)) = 0$$

$$(x+1)(x^3-3x^2+3x-3)=0$$

$$x+1=0 \quad | \quad x^3-3x^2+3x-3=0$$

$$x=-1 \quad | \quad x^3-3x^2+3x-1=2$$

$$x=-1 \quad | \quad (x-1)^3=2$$

$$x=-1 \quad | \quad x-1=\sqrt[3]{2}$$

$$x=-1 \quad | \quad x=\sqrt[3]{2}+1$$

Жауабы: $x=-1;\quad x=\sqrt[3]{2}+1$

2. Геометриялық есептер: Мұнда оқушылар геометрияның заңдылықтары мен теоремаларын қолданып, фигуралар арасындағы бұрыштарды, ұзындықтарды немесе аудандарды есептеуі қажет.

- Мысалы, үшбұрыштың биіктігі мен медианасын пайдаланып, оның ауданына қатысты есептер шығару.

- (kz) Пішіні шаршы болатын $1м^2$ орамал жуылды. Оны кептіру үшін орамалдың центрі жіптің үстінде болатындай қылып ілді. Бір сағатта бір-бірін жаппай тұрған беттері кебеді. Кептіруге болатын ең үлкен орамал ауданы қандай?
- (ru) Постиран квадраттый платок площади 1 $м^2$. Для просушки его вешают на веревку так, чтобы центр платка был на веревке. За час успевают высохнуть те части платка, которые не перекрывают друг друга. Какова наибольшая суммарная площадь этих частей?

Шешуі: Шаршы қабырғасы 1-ге тең.



Шаршы центрлік симметриялы болғандықтан пайда болған барлық тікбұрышты үшбұрыш өзара тең. Шаршы қабырғасы 1-ге тең болғандықтан

$$\begin{cases} a+b+c=1 \\ c=\sqrt{a^2+b^2} \end{cases}$$

$$a+b+\sqrt{a^2+b^2}=1$$

$$\sqrt{a^2+b^2}=1-(a+b)$$

$$a^2+b^2=1-2(a+b)+a^2+2ab+b^2$$

$$2a-1=b(2a-2)$$

$$b=\frac{2a-1}{2a-2}$$

Ізделінді аудан:

$$S = S_1 + S_2 + S_3 + S_4 = \frac{ab}{2} + \frac{ab}{2} + \frac{ab}{2} + \frac{ab}{2} = 2ab$$

$$S = 2ab = 2a \cdot \frac{2a-1}{2a-2} = \frac{4a^2 - 2a}{2a-2}$$

$a \in (0;1)$ болғандықтан S>0 ең үлкен мәнін іздейміз.

$$S`(a) = \frac{2a^2 - 4a + 1}{(a+1)^2} = 0$$

$$2a^2 - 4a + 1 = 0$$

$$a_1 = \frac{2-\sqrt{2}}{2} < 1; \ a_2 = \frac{2+\sqrt{2}}{2} > 1$$

$$a_1 = a_{max}$$

$$S\left(\frac{2-\sqrt{2}}{2}\right) = \frac{4\left(\frac{2-\sqrt{2}}{2}\right)^2 - 2 \cdot \frac{2-\sqrt{2}}{2}}{2 \cdot \frac{2-\sqrt{2}}{2} - 2} = \frac{\left(2-\sqrt{2}\right)^2 - 2 + \sqrt{2}}{2 - \sqrt{2} - 2}$$
$$= 3 - 2\sqrt{2}$$

Жауабы: $3 - 2\sqrt{2}$

3. Комбинаторика және ықтималдықтар теориясы: Комбинаторика есептері жиындардың мүмкін болатын комбинацияларын, орналасу реттерін зерттейді. Ықтималдықтар теориясы ықтимал оқиғаларды есептеуді талап етеді.

- Мысалы, белгілі бір жиын элементтерінің барынша тиімді түрде комбинацияларын табу немесе оқиғаның ықтималдығын есептеу.

- (kz) Ұлпан 1 мен 50 арасынан(қоса алғанда) бір санды ойлады. Болат m натурал санын таңдап Ұлпанға «m сіздің саныңызды бөледі ме?» деген сұрақ қояды, Ұлпан оған шындықты айтады. Болат бұл сұрақты Ұлпанның ойлаған санын тапқанша қоя береді. Болат жасырылған санды табатынына сенімді болу үшін ең кем дегенде неше рет сұрақ қоя қажет?
- (ru) Улпан думает о целом числе от 1 до 50 включительно. Болат может выбрать натуральное число m и спросить Улпана: «Делит ли m твое число?», на что Улпан должен ответить правдиво. Болат продолжает задавать эти вопросы, пока не определит номер Улпана. Какое минимальное количество вопросов нужно Болату, чтобы это гарантировать?

Шешімі: [1;50] арасында 15 жай сан болғандықтан, бұл жай сандарды өсу ретімен сұраймыз.
Жауабы: 15.

4. Сандар теориясы: Сандардың қасиеттерін, олардың арасындағы байланыстарды зерттейтін есептер.

- Мысалы, бөлінгіштік ережелерін қолдану немесе жай сандардың қасиеттеріне байланысты есептер

- (kz) Теңдеуді бүтін сандар жиынында шешіңіз: $3^{n} + 7 = 2^{m}$
- (ru) Решите уравнение в целых числах: $3^{n} + 7 = 2^{m}$

Шешуі: (n;m) жұбының кем дегенде біреуі теріс болған жағдайда теңдеудің Бүтін мәні шықпайды, себебі:

$$7 = 2^{m} - 3^{n} \to 7 \neq \frac{1}{2^{m}} - \frac{1}{3^{n}}$$

(0;m) жұбы теңдеу теңдеудің шешімі болуы үшін m=3 болуы қажет: $3^{0} + 7 = 8 = 2^{3}$

(n;0) жұбы теңдеудің шешімі бола алмайды $3^{n} + 7 = 2^{0} \to 3^{0} \neq -6$

Бұдан өзге (n;m) жұбын қарастырамыз.

3^{n}+7≡1(mod3) болғандықтан $2^{m} \equiv 1(\mathrm{mod}3)$ болуы қажет. Қалдықтары тең болуы үшін m жұп сан болуы керек, яғни m=2t. $2^{m} \equiv 2^{2t} \equiv 4^{t}$ немесе $4^{t} \equiv 1(\mathrm{mod}3)$

3^{n}+7≡4^{t} болғандықтан 3^{n}+7≡0(mod4) болуы қажет. Қалдықтары тең болуы үшін n жұп сан болуы керек, яғни n=2z.

$$3^{2z} + 7 = 2^{2t}$$

$$7 = 2^{2t} - 3^{2z} = (2^{t})^{2} - (3^{z})^{2} = (2^{t} + 3^{z})(2^{t} - 3^{z})$$

$2^{t} + 3^{z} > 0$ болғандықтан $2^{t} - 3^{z} > 0$ болуы міндетті. Бұдан тек бір жағдайды қарастырамыз:

$$\begin{cases} 2^{t} + 3^{z} = 7 \\ 2^{t} - 3^{z} = 1 \end{cases} (+) \to 2^{t} + 3^{z} + 2^{t} - 3^{z} = 7 + 1 \to 2 \cdot 2^{t} = 8 \to 2^{t} = 4 \to t = 2$$

$$2^{2} + 3^{z} = 7 \to 4 + 3^{z} = 7 \to 3^{z} = 3 \to z = 1$$

m=2t=2·2=4 және n=2z=2·1=2.

Жауабы: (0;3), (2;4).

Қорытынды. Рагатадағы әртүрлі деңгейдегі олимпиадалық есептер – математикалық білімнің тереңдігін көрсететін, шығармашылық және логикалық ойлауды талап ететін ерекше есептер. Оларды шешу үшін стандартты әдістермен шектелмей, есепке жаңа көзқараспен қарау керек. Бұл есептер оқушылардың математикалық мәдениетін дамытып, теориялық білімін тереңдетуге үлкен мүмкіндік береді.

МӘТІНДІ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

ТУЛЕУОВА БАЯН АНУАРБЕКОВНА

А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының математика пәні мұғалімі,педагог-зерттеуші

Мәтін есептер өмірдегі әрқилы оқиғаларды математикалық тәуелділік түрінде тұжырымдайтындықтан оқушылардың игерген білімін өмірмен ұштастырып, қажеттілікке жаратуға дағдыланумен қатар, логикалық ойлау қабілетін жетілдіруге зор ықпал ететіндіктен, олардың математикалық дарынын жетілдіріп, ой өрісін кеңейтуде маңызды орын иеленеді.

Мәтіндік есептерді шығару көптеген оқушыларда қиындық туғызады. Мәтіндік есептерді шығарудың кезеңдерін көрсетсек:

- *Есеп мәтінін, қойылымын, берілгенін түсіну*
- *Шығарылу жолын таңдау, математикалық моделін құру*
- *Шешімін жасау, жауабын нақтылау*

Төмендегі мысалдарда мәтіндік талдау жасауды кестені пайдаланып жүзеге асыру жолдарын түсіндіруді мақсат еттік:

№1. Екі айлақтың арасында моторлы қайық жүреді, олардың арасындағы қашықтық өзен бойымен 4 км. Ағысқа қарсы жүруге қарағанда ағыспен төмен түсу оған 3 минутқа аз уақыт алады. Қайықтың тынық судағы жылдамдығы 18 км/сағ екені белгілі болса, өзеннің жылдамдығы қандай?

	Қашықтық	Жылдамдық	Уақыт
Ағыспен	4 км	(18 + x) км/сағ	$\frac{4}{18+x}$ сағ
Ағысқа қарсы	4 км	(18 - x) км/сағ	$\frac{4}{18-x}$ сағ

Төменгі ағыс уақыты жоғары ағыс уақытынан 3 мин аз:

$$\frac{4}{18-x}-\frac{4}{18+x}=\frac{1}{20}.$$

№2. Пішеншілер бригадасы бірінен бірі 2 есе үлкен екі алаңды шабуға шықты. Түске дейін олар үлкен алаңда жұмыс жасады. Түстен кейін олар тең екі бөлікке бөлініп, жартысы үлкен алаңның, жартысы кіші алаңның шөбін шаппақ болды. Кешке жұмыс біткен кезде олар үлкен алаңды шауып бітіріп, кіші алаңнан бір жұмысшы бір күнде шабатындай алаң қалған болса, бригада неше адамнан тұрады?

Адамдар санын x деп алып, еңбек өнімділігі адамдар санымен өлшенетінін ескеріп кесте құрайық:

Кезең Жұмыс бөлігі	Үлкен алаң			Кіші алаң		
	t	N	A	t (уақыт)	N (өнім)	A (жұмыс)
Түске дейін	0,5 (күн)	X (адам)	0,5x	-	-	-
Түстен кейін	0,5 (күн)	0,5x (адам)	0,25x	0,5 (күн)	0,5x (адам)	0,25x
Барлығы	1 күн		0,75x	0,5 (күн)		0,25x

1 адамның 1 күнде істейтін жұмысы 1*1=1 және үлкен алаңның жұмысы кіші алаңнан 2 есе артық екенін ескеріп, теңдеу құрсақ 0,75x = 2 (0,25x + 1)

Жауабы: 8 адам.

№3. Әр жерде тұратын екі дос бір күнде серуенге шықты. Біріншісі А-дан 10 сағат 36 минутта шығып В-ға 16 сағат 21 минутта жетті. Ал екіншісі В-дан 10 сағат 30 минутта шығып А-ға 15сағат 06 минутта жетті. Достардың қанша уақыттан кейін кездескенін табыңыз?

кесте құрайық:

Іс әрекет Қатысушы	Жеке жүруі			Кездесу		
	t	V	S	t (уақыт)	V	S
I дос	$5\frac{3}{4}$	$\frac{4}{23}$	1	x	$\frac{4}{23}$	$\frac{4}{23}x$
II дос	$4\frac{3}{5}$	$\frac{5}{23}$	1	$x+\frac{1}{10}$	$\frac{5}{23}$	$\frac{5}{23}(x+\frac{1}{10})$
Барлығы						1

$\frac{4}{23}x+\left(x+\frac{1}{10}\right)\cdot\frac{5}{23}=1$ теңдеуін шешіп, 7,5 сағаттан кейін кездесетінін табамыз.

Жауабы: 7,5 сағаттан кейін.

Бірлесіп жасалатын жұмысқа байланысты есептер.

№4. 208 бөлшек жасауға берілген жоспарды бірінші жұмысшы екіншісіне қарағанда үш сағат бұрын бітіреді. Ал егер бірінші жұмысшы бір сағатта екіншісіне қарағанда 3 бөлшекті артық жасайтыны белгілі болса, екінші жұмысшының жұмыс өнімділігі қандай?

	t, сағ	A, бөлшек	V, өнімд/ сағ
1	X	208	$\frac{208}{x}$
2	X+3	208	$\frac{208}{x+3}$

Бірінші жұмысшы 3 сағ-қа ерте бітіреді яғни оның жұмысқа кеткен уақыты 3 сағ-қа аз.

$$\frac{208}{x} - \frac{208}{x+3} = 3$$

1-жұмысшының жұмысты орындауға кеткен уақыт табамыз. 2-жұмысшының жұмыс өнімділігін табу үшін қосымша есептеулер жүргіземіз.

x=13 сағ (1-жұм), 16 сағ (2-жұм), 208/16 = 13 бөлш (2-жұм өнімділігі)

Жауабы: 2 жұмысшы өнімділігі 13 бөлш.

№5. Екі оператор бірге жұмыс жасай отырып, 8 сағатта газетке мәтін теріп шығады. Егер бірінші оператор 3 сағат, ал екіншісі 12 сағат жұмыс жасаса, онда олар жұмыстың 75% ын орындайды. Әрқайсысы жеке жұмыс жасаса қанша уақытта теріп бітіреді?

	Жұмыс =1	Уақыт (сағ)	Өнім
1 оператор	$\frac{1}{x}+\frac{1}{y}=\frac{1}{8}$	x	1/x
2 оператор		y	1/y

	Жұмыс =1	Уақыт (сағ)	Өнім
1 оператор	$\frac{3}{x}+\frac{12}{y}=\frac{3}{4}$	3	3/x
2 оператор		12	12/y

Жүйені шешеміз:

$$\begin{cases} \frac{1}{x} + \frac{1}{y} = \frac{1}{8} \\ \frac{3}{x} + \frac{12}{y} = \frac{3}{4} \end{cases}$$

y=24,   x=12

Жауабы: 1 оператор 12 сағ, 2 оператор 24 сағ.

Пайыз, қоспа, ерітіндіге байланысты есептер.

№6. Құрамында 15% тұз бар 4л ерітіндіні 5л 20% тұз ерітіндісімен араластырып, 1 л таза су құйса, алынған қоспаның концентрациясы қандай болады?

Ерітінді атауы	Заттың (тұз) % (бөлігі)	Ерітінді массасы (л)	Заттың (тұз) массасы (л)
I ерітінді	15 % = 0,15	4	0,15·4
II ерітінді	20 % = 0,2	5	0,2·5
су	0%	1	0
қоспа	x % = 0,01x	10	0,01x·10

Теңдеу аламыз:
0,15·4 + 0,2·5=0,01x·10
0,1x = 1,6
x = 16

Жауабы : концентрациясы 16 %.

№7. Үш ыдыста ерітінділер берілген. Бірінші ыдысқа 70 %-дық 4 кг қант ерітіндісі, ал екінші ыдысқа 40 %-дық 6 кг қант ерітіндісі құйылған. Егер бірінші ыдыстағы ерітіндіні үшінші ыдыстағымен араластырса, 55 %-дық ерітінді аламыз, ал егер екінші ыдыстағыны үшінші ыдысқа құйсақ, 35 %-дық ерітінді аламыз. Үшінші ыдыстағы ерітінді салмағы мен концентрациясын анықтаңыз.

Ерітінді атауы	Заттың (қант) % (бөлігі)	Ерітінді массасы (кг)	Заттың (қант) массасы (кг)
I ыдыс	70 % = 0,7	4	0,7·4=2,8
II ыдыс	40 % = 0,4	6	0,4·6 = 2,4
III ыдыс	y % = 0,01y	x	0,01xy

I және III ыдыс	55 % = 0,55	4+x	0,55(4+x)= 2,8+0,01xy
II және III ыдыс	35 % = 0,35	6+x	0,35(6+x)= 2,4+0,01xy

Жүйені шешеміз:

$$\begin{cases} 0{,}55(4+\mathrm{x}) = 2{,}8 + 0{,}01xy, \\ 0{,}35(6+x) = 2{,}4 + 0{,}01xy. \end{cases}$$

x=1,5 және y=15

Жауабы :1,5 кг қант ерітіндісі, концентрациясы15 %.

№8. Алтын мен күмістен тұратын екі балқыма берілген. I балқымада бұл металдардың массалары 1:9 , ал II балқымада 2:3 қатынасындай. Балқымада металдардың массалары 1:4 қатынасындай болатын 15 кг жаңа балқыма алу үшін әр балқымадан неше кг алу керек?

x- I балқымадан алынған кг.

Ерітінді атауы	I балқыма	II балқыма	Жаңа балқыма
Алтын	$\frac{1}{10}$	$\frac{2}{5}$	$\frac{1}{5}$
Алынған ерітінді	x	15-x	15

Теңдеуді шешеміз: $\frac{1}{10}\mathrm{x} + \frac{2}{5}(15-\mathrm{x}) = \frac{1}{5}\cdot 15$

Жауабы: 10кг; 5кг.

Мәтіндік есептер, менің ойымша, күрделі де қызықты. Мектептегі математика курсында оған үлкен мән беріледі, өйткені мұндай есептер логикалық ойлауды, математикалық сөйлеуді дамытуға және математикалық мәдениетті арттыруға ықпал етеді. Бұл тақырып тартымды, өйткені ол сізге есептерді шешудің жаңа ерекше тәсілдерін табуға мүмкіндік береді. Есептерді әртүрлі тәсілдермен шешуді үйреніп, мен оларды тек сабақтарда ғана емес, олимпиадаларда да қолдануға жетелеймін.

«Математика пәнінен олимпиада есептерін шығарудың тиімді жолдары»

тақырыбында облыстық оқыту семинары

Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби іс-әрекетінде тәжірибесін, білімін жетілдіру; Ұстаздардың шеберлігін, шығармашылығын шыңдау мақсатында математика пәні мұғалімдеріне олимпиада тапсырмаларын шығару жолдарын үйрету.

Қатысушылар санаты:

аудандық /қалалық/ облыстық жалпы білім беру ұйымдарының математика пәні мұғалімдері

Өтетін орны: №42 «Ақ ниет» гимназиясы
Өтетін күні: 29 наурыз, 2024 жыл

№	Уақыты	Мазмұны
1	08:30-09:00	**Қатысушыларды тіркеу**
2	09:00-09:10	**Алғы сөз.** Кубашева Гүлмира Камалқызы, ББДО директоры
3	09:10-09:30	**Тренинг.** Бисенгалиева Ляззат Сарсенгалиевна, №42 «Ақ ниет» гимназиясының педагог-психологы
		Математика **Модератор:** Албидакова Гульсара Баксиковна, ББДО математика пәні әдіскері
1	09:30-11:00	**Теңсіздікке берілген олимпиада есептері** Нигметуллина Самал Баймбетовна, Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық-технологиялар мектеп-лицей- интернаты
2	11:00-12:30	**«Комбинаторика. Олимпиададағы комбинаторика есептері»** Тауас Ернар Ізбасарұлы, 125 High School математика пәні мұғалімі
3	12:30-14:00	**Түскі үзіліс**
4	14:00- 15:30	**«Геометриядан күрделі есептерді шығару тәсілдері»** Мусагалиева Гульнафис Қуанышовна, Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық-технологиялар мектеп-лицей- интернаты
5	15:30-17:00	**«Геометрия есептерін әртүрлі тәсілдермен шешу»** Дюсенгалиев Арман Акболатович, М.Жүнісов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
6	17.00-17.30	**Кері байланыс** Албидакова Гульсара Баксиковна, ББДО математика пәні әдіскері

ТЕҢСІЗДІККЕ БЕРІЛГЕН ОЛИМПИАДА ЕСЕПТЕРІ

НИГМЕТУЛЛИНА САМАЛ БАИМБЕТОВНА

Облыстық дарында балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының математика пәні мұғалімі, педагог-шебер

1. Қосындысы 2-ге тең оң нақты x, y, z сандары үшін теңсіздікті дәлелдеңдер:

$$\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}+\frac{9}{4}\le\frac{1}{x^2}+\frac{1}{y^2}+\frac{1}{z^2}$$

Дәлелдеу:

$$\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}+\frac{9}{4}=\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}+\frac{(1+1+1)^2}{2x+2y+2z}\le\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}+\frac{1}{2x}+\frac{1}{2y}+\frac{1}{2z}=\frac{3}{2}\left(\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}\right)=\frac{1}{3}\left(\frac{(1+1+1)^2}{x+y+z}\right)\left(\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}\right)\le\frac{1}{3}\left(\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}\right)\left(\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}\right)=\frac{1}{3}\left(\frac{1}{x}+\frac{1}{y}+\frac{1}{z}\right)^2\le\left(\frac{1}{x}\right)^2+\left(\frac{1}{y}\right)^2+\left(\frac{1}{z}\right)^2=\frac{1}{x^2}+\frac{1}{y^2}+\frac{1}{z^2}$$

2. Кез келген оң a, b, c сандар үшін $\frac{a}{b+c}+\frac{b}{a+c}+\frac{c}{a+b}\ge\frac{3}{2}$ болатынын дәлелдеңдер.

Шешуі:

a, b, c сандары симметриялы себепті $a\ge b\ge c$ деп алуға болады.

Онда $\frac{1}{b+c}\ge\frac{1}{a+c}\ge\frac{1}{a+b}$ болады. Реттеу тәсілі бойынша

$$\frac{a}{c+b}+\frac{b}{c+a}+\frac{c}{b+a}\ge\frac{b}{b+c}+\frac{c}{a+c}+\frac{c}{a+b},$$

$$\frac{a}{c+b}+\frac{b}{a+c}+\frac{c}{b+a}\ge\frac{c}{b+c}+\frac{a}{a+c}+\frac{b}{a+b}$$

соңғы екеуін мүшелеп қосып $\frac{a}{c+b}+\frac{b}{a+c}+\frac{c}{a+b}\ge\frac{3}{2}$ теңсіздігін алуға болады.

3. $1+x^4\le2(y-z)^2, 1+y^4\le2(z-x)^2, 1+z^4\le2(x-y)^2$ теңсіздіктерін қанағаттандыратын барлық нақты сан үштіктері (x, y, z) -ті табыңдар.

Шешуі:

Теңсіздіктегі x, y, z-тер симметриялы болғандықтан $x \geq y \geq z$ десек, онда $2x^2 \leq 1 + x^4 \leq 2(y-z)^2 \Longrightarrow |x| \leq y - z$. Сонымен ұқсас, $|z| \leq x - y$.

Екі жағынан өзара қоссақ, $|x| + |z| \leq (x-y) + (y-z) = x - z \Longrightarrow x \geq 0 \geq z$, теңсіздік теңдікке айналады.

Бұл ортадағы теңсіздік таңбасы түгелдей теңдікке өзгереді деген сөз:

$$2x^2 = 1 + x^4, 2z^2 = 1 + x^4 \Longrightarrow x^2 = z^2 = 1 \Longrightarrow x = 1, z = -1$$

$|x| \leq y - z$ орнына қойсақ y=0 шығады. Нақты сан үштіктері: (-1; 0; 1), (-1; 0; 1), (0; -1; 1), (0; 1; -1), (1; -1; 0), (1; 0; -1).

4. $x_1, x_2, \ldots, x_n > 0$ және $x_1, x_2, \ldots, x_n = 1$ шартын қанағаттандыратын кез келген сандар үшін $(1 + x_1)(1 + x_2) \ldots (1 + x_n) \geq 2^n$ теңсіздігін дәлелдеңдер.

   Дәлелдеу: $x_1, x_2, \ldots, x_n > 0$ болғандықтан, $(1 + x_1) \geq 2\sqrt{x_1}, (1 + x_2) \geq 2\sqrt{x_2}, \ldots, (1 + x_n) \geq 2\sqrt{x_n}$.

   Теңсіздіктердің екі жағын өзара көбейтеміз, $(1 + x_1)(1 + x_2) \ldots (1 + x_n) \geq 2^n\sqrt{x_1, x_2, \ldots, x_n}$. Сондықтан $(1 + x_1)(1 + x_2) \ldots (1 + x_n) \geq 2^n$ болады.

5. Теріс емес a, b, c, d сандары үшін $\frac{a+b+c+d}{4} \geq \sqrt[4]{abcd}$ теңсіздігі орындалады. Мұнда a=b=c=d болған кезде тек сонда ғана теңдік орындалады.

   Дәлелдеу: $\frac{a+b+c+d}{4} = \frac{1}{2}\left(\frac{a+b}{2} + \frac{c+d}{2}\right) \geq \frac{1}{2}\left(\sqrt{ab} + \sqrt{cd}\right) \geq \sqrt{\sqrt{ab}\sqrt{cd}} = \sqrt[4]{abcd}$

6. a+b+c=x+y+z теңдігін қанағаттандыратын теріс емес a, b, c және оң x, y, z нақты сандары үшін теңсіздікті дәлелдеңдер: $\frac{a^3}{x^2} + \frac{b^3}{y^2} + \frac{c^3}{z^2} \geq a + b + c$

   Дәлелдеу:

   $$(a + b + c)\left(\frac{a^3}{x^2} + \frac{b^3}{y^2} + \frac{c^3}{z^2}\right) \geq \left(\frac{a^2}{x} + \frac{b^2}{y} + \frac{c^2}{z}\right)^2 \geq \left(\frac{(\mathrm{a+b+c})^2}{\mathrm{x+y+z}}\right)^2 = (\mathrm{a + b + c})^2 \Longrightarrow \frac{a^3}{x^2} + \frac{b^3}{y^2} + \frac{c^3}{z^2} \geq \mathrm{a + b + c}$$

Мұнда $(\mathrm{x}+\mathrm{y}+\mathrm{z})\left(\frac{a^3}{x^2}+\frac{b^3}{y^2}+\frac{c^3}{z^2}\right)\geq(a+b+c)^2 \Leftrightarrow \left(\frac{a^2}{x}+\frac{b^2}{y}+\frac{c^2}{z}\right)\geq \frac{(\mathrm{a+b+c})^2}{\mathrm{x+y+z}}$ қолдандық.

7. $a>0, b>0, \alpha>0, \beta>0$ болса, $\sqrt{(a+\alpha)(b+\beta)}\geq\sqrt{ab}+\sqrt{\alpha\beta}$ болатынын дәлелдеңдер.

   Шешуі:

   Коши теңсіздігін қолданамыз: $\sqrt{(a+\alpha)(b+\beta)}=\sqrt{ab+b\alpha+a\beta+\alpha\beta}\geq \sqrt{ab+2\sqrt{aba\beta}+\alpha\beta}=\sqrt{\left(\sqrt{ab}+\sqrt{\alpha\beta}\right)^2}=\sqrt{ab}+\sqrt{\alpha\beta}$

8. a, b, c a+b+c=1 болатын оң сандар болса, онда $\sqrt{4a+1}+\sqrt{4b+1}+\sqrt{4c+1}+\leq \sqrt{21}$ болатынын дәлелде.

   Дәлелдеу:

   $S^2=(\sqrt{4a+1}+\sqrt{4b+1}+\ \sqrt{4c+1})^2=7+2\sqrt{(4a+1)(4b+1)}+2\sqrt{(4b+1)(4c+1)}+2\sqrt{(4c+1)(4a+1)}\leq 7+[(4a+1)(4b+1)]+[(4b+1)(4c+1)][(4a+1)(4c+1)]=13+8(a+b+c)=21\Rightarrow S\leq\sqrt{21}$

КОМБИНАТОРИКА. ОЛИМПИАДАДАҒЫ КОМБИНАТОРИКА ЕСЕПТЕРІ



ТАУАС ЕРНАР ІЗБАСАРҰЛЫ

Орал қаласы, 125 High School
математика пәні мұғалімі,педагог-сарапшы

Комбинаторика – математика саласының маңызды бөлімі, ол жиындардағы элементтердің үйлесімділіктерін, орналасуын және таңдалуын зерттейді. Комбинаториканың негізгі мақсаты – белгілі бір шарттар орындалған жағдайда комбинациялар санын анықтау. Бұл ғылымның тамыры ежелгі заманнан бастау алады, ал қазіргі уақытта ол көптеген салаларда, әсіресе информатика, экономика, статистика және биологияда кеңінен қолданылады.

Негізгі ұғымдар мен әдістер: алмастыру

Алмастыру – бұл белгілі бір жиын элементтерінің ретін өзгертудің барлық мүмкін тәсілдері. Мысалы, үш элементтен тұратын жиынның барлық мүмкін алмастыруларын анықтауға болады. Мысалы, A, B, C элементтері үшін мүмкін алмастырулар:

ABC, ACB, BAC, BCA, CAB, CBA

Егер n элемент болса, олардың алмастыруларының саны P(n) = n, яғни факториал функциясы арқылы есептеледі.

Комбинация – бұл белгілі бір жиыннан элементтерді кез келген ретпен таңдап алу тәсілдері. Мұнда элементтердің орналасу реті маңызды емес. Мысалы, үш элементтен екеуін таңдап алудың комбинациясы:

AB, AC, BC

Комбинациялар санын есептеу үшін биномиалдық коэффициент қолданылады: $C(n, k) = \frac{n!}{k!(n-k)!}$ Мұндағы n – жалпы элементтер саны, ал k – таңдалатын элементтер саны.

Қосылу және көбейту принциптері

- Қосылу принципі: Егер бір-бірін қайталамайтын екі оқиға болса, олардың бірі орындалу ықтималдығы осы оқиғалардың жеке ықтималдықтарының қосындысына тең.

- Көбейту принципі: Егер оқиғалар бір-біріне тәуелсіз болса, онда олардың қатар орындалу ықтималдығы жеке ықтималдықтардың көбейтіндісіне тең.

Формулаларды жаттауға немесе пайдалануға ыңғайлы болуы үшін төмендегі схеманы ұсынамыз:



ҚАЙТАЛАНБАЙТЫН АЛМАСТЫРУ		ҚАЙТАЛАНБАЙТЫН ОРНАЛАСТЫРУ		ҚАЙТАЛАНБАЙТЫН ТЕРУ	
Реті маңызды	Барлық элемент	Реті маңызды	Бірнеше элемент	Реті маңызды емес	Саны маңызды емес
$P_n = n!$		$A_n^m = \frac{n!}{(n-m)!}$		$C_n^m = \frac{n!}{m!\,(n-m)!}$	
ҚАЙТАЛАНБАЛЫ АЛМАСТЫРУ		ҚАЙТАЛАНБАЛЫ ОРНАЛАСТЫРУ		ҚАЙТАЛАНБАЛЫ ТЕРУ	
Реті маңызды	Барлық элемент	Реті маңызды	Бірнеше элемент	Реті маңызды емес	Саны маңызды емес
$\overline{P}_n = \frac{n!}{n_1!\,n_2!\,n_3!\,\ldots}$		$\overline{A}_n^m = n^m$		$\overline{C}_n^m = \frac{(n+m-1)!}{m!\,(n-1)!}$	

МЫСАЛДАР

- «е,р,л,а,н» мына әріптердің барлығын тек бір рет пайдаланып бес әріптен тұратын қанша сөз алуға болады?

Шешуі: $\mathrm{P}_5 = 5! = 120$

- «м,а,т,е,м,а,т,и,к,а» мына әріптердің барлығын тек бір рет пайдаланып он әріптен тұратын қанша сөз алуға болады?

Шешуі: $\overline{\mathbf{P}}_{\mathbf{10}} = \frac{10!}{2!3!2!} = \frac{4\cdot5\cdot6\cdot7\cdot8\cdot9\cdot10}{2\cdot2} = \mathbf{151200}$

- «1,4,7,2,5» цифрларын тек бір рет пайдаланып қанша үш таңбалы сан алуға болады?

Шешуі: $\boldsymbol{A_5^3} = \frac{5!}{(5-3)!} = \frac{5!}{2!} = \mathbf{3 \cdot 4 \cdot 5 = 60}$

- «3,4,6,8,9» цифрларын пайдаланып қанша үш таңбалы сан алуға болады?

Шешуі: $\overline{\mathbf{A}_5^3} = \mathbf{5^3 = 125}$

- Шеңбер бойында 10 нүкте берілген. Бұл нүктелерден қанша хорда алуға болады?

Шешуі: $\boldsymbol{C_{10}^2} = \frac{10!}{2!(10-2)!} = \frac{10!}{2!8!} = \frac{9\cdot10}{2} = \mathbf{45}$

- Почтада марканың 4 түрі бар. Жандос 7 марканы неше әртүрлі тәсілмен сатып алуға болады?

Шешуі: $\overline{\boldsymbol{C_4^7}} = \frac{(4+7-1)!}{7!(4-1)!} = \frac{10!}{7!3!} = \frac{8\cdot9\cdot10}{3!} = \mathbf{120}$

Тапсырмалар

1. Мирастың 21 сыныптасы бар. Ол қолындағы үш сыйлығын әр түрлі үш сыныптасына берді. Сыйлықтарды берудің неше тәсілі бар?
2. 9 оқушыдан 3 оқушыны Алматыға, Семейге, Қызылордаға жіберудің қанша тәсілі бар?
3. Шахмат турниріне 10 адам қатысты. Олардың әрқайсысы бір-бірімен бір партия ғана ойнады. Барлығы неше партия ойналды?
4. 1,2,3,4 цифрларын пайдаланып қанша үштаңбалы сан алуға болады?
5. Қызыл, көк және жасыл түсті үш шарды бір қатарға неше тәсілмен орналастыруға болады?
6. 9 сыныпта 3-ші күні әртүрлі 5 сабақ болса, онда 3-ші күнгі сабақ кестесін неше тәсілмен құрастыруға болады?
7. Тақ цифрларды әр біреуін тек бір рет қолданып, неше үш таңбалы сан жазуға болады?

8. Шеңбер бойында берілген 9 нүкте арқылы неше үшбұрыш алуға болады?

9. Сыныпта 6 оқушы ішінен 2 кезекшіні неше түрлі тәсілмен алуға болады?

10. Мекемеде 24 қызметкер өз ішінен бір басшы мен бір орынбасар сайлаудың неше тәсілін көрсете алады?

11. Шеңбер бойына 7 түрлі шарды неше тәсілмен қоюға болады?

1-Қайталанбайтын	теру	1330
2-Қайталанбайтын	орналастыру	504
3-Қайталанбайтын	теру	45
4-Қайталанбалы	орналастыру	64
5-Қайталанбайтын	алмастыру	6
6-Қайталанбайтын	алмастыру	120
7-Қайталанбайтын	орналастыру	60
8-Қайталанбайтын	теру	84
9-Қайталанбайтын	теру	15
10-Қайталанбайтын	орналыстыру	552

11-Қайталанбайтын алмастыру 720



- 7,8 және 9 цифрларынан қанша үштаңбалы сан жасауға болады?
- 2,4,5,8,3 цифрларынан қанша үштаңбалы жұп сан алуға болады? (цифрлар қайталанбайды)
- 0, 1, 2, 3, 4, 5 цифрларынан 300 ден артық және 5-ке еселік болатын неше әртүрлі үштаңбалы сандар жазуға болады(санда цифрлар қайталанбайды)
- 0,1,2,7,8,9 цифрларынан қанша БҚО көлік номерін алуға болады? (*** ZKO07)
- Алмас тақтаға бестаңбалы сан жазды. Оның алғашқы және соңғы цифрлары жұп, қалғаны тақ. Алмаста қанша таңдау болды?
- 1,5,8,0 цифрларынан 400-ден кем қанша үштаңбалы сан алуға болады?
- Жанқос 1,4,0,3,7 цифрларынан 3 және 7 цифрлары қатар орналасатындай қанша төрттаңбалы сан алуға болады?
- 0,1,2,3,4,5 цифрларынан үштаңбалы қанша жұп сан құрастыруға болады(цифрлар қайталанбайды)?
- Ержанда 5 қалам және 8 дәптер болды. Егер ол мектепке бір қалам және екі дәптер апарғысы келген болса, бұлай жасаудың қанша тәсілі бар?
- Мұғалім 4 оқушымен бірге шаттық шеңберінде тұр. Шаттық шеңберін құрудың неше тәсілі бар?

- Ұяшық: 3*3*3
- Ұяшық: 4*3*3
- Граф: 16+4=20
- Ұяшық: 6*6*6 -1 номерде 0 бола алады
- Ұяшық: 4*5*5*5*5
- Ұяшық: 1*4*4
- Ұяшық: 36+74=110
- Граф: 36+16=52
- Ұяшық: 5*4*7
- Ұяшық: 4*3*2*1 (n-1)!

Комбинаторика – тек математиканың бір саласы ғана емес, сонымен қатар оны түрлі ғылым салаларында қолдану арқылы практикалық мәселелерді шешуге көмектесетін қуатты құрал. Оның әдістері және қағидалары деректерді талдауда, ресурстарды тиімді пайдалануда, сондай-ақ ықтималдықтар теориясын дамытуда ерекше рөл атқарады.

Қосымша әдебиеттер:

1. У. Дойл, «Комбинаторика негіздері»
2. Ловас, «Графтар теориясы

ГЕОМЕТРИЯДАН КҮРДЕЛІ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ТӘСІЛДЕРІ

МУСАГАЛИЕВА ГУЛЬНАФИС КУАНЫШЕВНА
Облыстық дарында балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының математика пәні мұғалімі, педагог-шебер

Геометриядан күрделі есептерді шешу әртүрлі тәсілдерді қамтиды, мысалы, тригонометрия, координаталық әдістер, аудандарды теңестіру және ұқсастықтарды қолдану. Төменде бірнеше күрделі есептер мен шешу тәсілдерін ұсындым.

Есеп 1: Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының теңдігін дәлелдеу

Шарты: Үшбұрыш ABC-де AB=AC. Үшбұрыштың сыртқы бұрыштарының бірінің биіктігін жүргізіңіз де, А-ның бұрышының теңдігін дәлелдеңіз.

Шешуі:

1. Теңқабырғалы үшбұрыш үшін AB=AC, сондықтан ∠ABC=∠ACB
2. А-ның бұрышына қатысты биіктікті жүргіземіз, А-ның қарсы беттегі сыртқы бұрышы ∠B және ∠C-ның арасындағы теңдікті дәлелдей аламыз.
3. Сыртқы бұрыштардың теңдігі арқылы үшбұрыштың ∠ABC=∠ACB-ның симметриялық сипатын көрсетеміз.

Олимпиадалық есептер, әдетте, ерекше қулықтарды және терең талдауды талап етеді. Төменде бірнеше олимпиадалық геометриялық есептер берілген. Бұл есептерді шешу үшін синустар теоремасы, косинустар теоремасы, үшбұрыштың ауданына қатысты формулалар және дөңгелекпен байланысты қасиеттерді қолдануға болады.

Есеп 2: Диагональдар қиылысатын төртбұрыш

Төртбұрыштың диагональдары AC және BD бір-бірімен О нүктесінде қиылысады. Егер AB=10 , BC=8, CD=6, DA=12 және AC=14 болса, BD диагоналының ұзындығын табыңыз.

Шешімі:

1. Бұл есепте біз Герон формуласын және үшбұрыштардың ұқсастығын қолданамыз.
2. Диагональдар қиылысқанда AO/OC=BO/OD қатынасы орындалады. Осыны табу үшін алдымен үшбұрыштың аудандарын есептеу керек.
3. Герон формуласын қолдану үшін әрбір үшбұрыштың жарты периметрлерін есептеп, сол арқылы диагональдардың ұзындығын табамыз.

Бұл есеп күрделі болғандықтан, толық шешімді тригонометрия және аудандарды теңестіру арқылы табуға болады.

Есеп 3: Бұрыштардың теңдігін дәлелдеу

Теңбүйірлі үшбұрыш ABC-де AB=AC. ADбиіктік жүргізілген, ал D – BC-ның ортасы. E және F нүктелері AB және AC-де орналасқан, және DE=DF. Бұрыштың теңдігін дәлелдеңіз: ∠EDB=∠FDC.

Шешімі:

1. DE=DF шарты бойынша, △EDB және △FDC теңбүйірлі үшбұрыштар болып табылады.
2. AB=AC болғандықтан, D нүктесі BCның орта нүктесі. Сонымен, AD биіктік қана емес, медиана және биссектриса да болып табылады.
3. Осыдан △EDB мен △FDC үшбұрыштарында ∠EDB=∠FDC тең. Бұл △ABD=△ACD-нің теңдігіне байланысты.

Есеп 4: Дөңгелектің шеңбері арқылы өтетін төртбұрыш

ABCD - дөңгелектің шеңбері арқылы өтетін төртбұрыш. Егер ∠ABC=70∘ және ∠BCD=40∘, онда ∠DAB-ны табыңыз.

Есеп 5: Дөңгелек пен қабырғалардың қиылысуы

Шеңберге AB, AC қабырғалары A нүктесінен жанасып тұрған ABC үшбұрышы сызылған. Егер AB=8, AC=, ал шеңбердің радиусы r=5 болса, үшбұрыштың BC қабырғасының ұзындығын табыңыз.

Есеп 6: Тең қабырғалы үшбұрыш

Тең қабырғалы үшбұрыштың B төбесінен түсірілген биіктігі h, ал BC=b . Егер BC қабырғасының ортасы M нүктесі болса, онда BM-нің ұзындығын табыңыз.

Есеп 7: Биіктіктері

а) 2, 3, 7;
б) 3, 4, 6

болатын үшбұрыш табылады ма? Егер табылса онда оның қабырғаларын есептеңіз.

Есеп 8:

P,Q,R,S нүктелері сәйкесінше АВСД ромбының АВ,ВС,СД,ДА қабырғаларының орталары болсын. X — ромбтың ішінде жатқан нүкте. XR=5, XQ=1 екені белгілі.

а) XS-ті есептеңіз.

б) АВ < 8 екенін дәлелдеңіз

Есеп 9:

АВС үшбұрышында АК биссектрисасы жүргізілген.АВ және АС түзулерінен сәйкесінше Е және Д (Е≠А, Д≠А)нүктелері алынған. Е және Д нүктелері ВС түзуіне қатысты бір жақта жатыр және ЕВ=ВК, СД=СК. Егер ЕВСД төртбұрышының диагональдарының қиылысу нүктесі АК түзуінің бойында жатса, онда АВ=АС болатынын дәлелдеңіз.

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРМЕН ШЕШУ

ДЮСЕНГАЛИЕВ АРМАН АКБОЛАТОВИЧ

Жаңақала ауданы, М.Жүнісов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі,педагог-зерттеуші

Геометриялық есептерді координаталық тәсілмен шешу.

1. Шеңбер АВСД төртбұрышының АВ және АД қабырғаларын жанап өтіп, СД қабырғасын бір ғана F нүктесінде, ал ВС қабырғасын бір ғана Е нүктесінде қиып өтеді. Егер АВ=32, АД=40, ВЕ=1 болса, онда AFCB трапециясының ауданын табыңдар.

АВ=32, ВЕ=1, АД=40



Табу керек: S_{AFCB}

Шешуі: Ол үшін фигурамызды суреттегіндей етіп координат жазықтығына саламыз.
OE=OF=r радиус A(0,0), B(0,32), C(40,32), D(40,0), E(1,32), F(40,y)
$r^2=(r-1)^2+(r-32)^2$ осыдан r=25 және r=41 шығады. r=41 біздің есебімізді қанағаттандырмайды. FD=y
$25^2=(40-25)^2+(y-25)^2$ осыдан y=5, онда CF=27
S_{AFCB}=1180

2. Жазықтықта А және В екі нүктелері берілген. С нүктесі АВС үшбұрышының АД медианасының ұзындығы өзгеріссіз қалатындай жазықтықта қозғалады. С нүктесінің жиынын табыңыз.

3. АВСД ромбының ВС және СД қабырғаларынан ВР=CQ болатындай сәйкесінше Р және Q нүктелері алынған. APQ үшбұрышының медианаларының қиылысу нүтесі ромбының ВД диагоналында жататынын дәлелдеңіз.

Геометриялық есептердің координаталық-векторлық шешімі.

1. АВС үшбұрышының АВ қабырғасынан К нүктесі АК:ВК=1:2 қатынасындай, ал ВС қабырғасынан L нүктесі CL:BL=2:1 қатынасындай етіп алынған. Q нүктесі AL және КС түзулерінің қиылысу ніктесі. Егер BQC үшбұрышының ауданы 1-ге тең болса, АВС үшбұрышының ауданын табыңдар..

$S_{\Delta BQC} = 1$, АК:АВ=1:3, BL:BC=1:3

Табу керек: $S_{\Delta \mathrm{ABC}}$



Ол үшін мынандай енгізулер енгізіп алайық. $\overrightarrow{AB} = \vec{a}, \overrightarrow{AC} = \vec{b}$,

$\overrightarrow{CQ} = x\overrightarrow{CK}, \overrightarrow{AQ} = y\overrightarrow{AL}$

$\overrightarrow{CK} = \overrightarrow{CB} + \overrightarrow{BK} = \left(\overrightarrow{AB} - \overrightarrow{AC}\right) + \frac{2}{3}\overrightarrow{BA} = \vec{a} - \vec{b} - \frac{2}{3}\vec{a} = \frac{\vec{a}-3\vec{b}}{3}$

$\overrightarrow{AL} = \overrightarrow{AB} + \overrightarrow{BL} = \overrightarrow{AB} + \frac{1}{3}\left(\overrightarrow{AC} - \overrightarrow{AB}\right) = \vec{a} + \frac{1}{3}(\vec{b} - \vec{a}) = \frac{\overrightarrow{2a}+\vec{b}}{3}$

$\overrightarrow{AQ} = \overrightarrow{AC} + \overrightarrow{CQ},\ \ y\left(\frac{\overrightarrow{2a}+\vec{b}}{3}\right) = \vec{b} + x\left(\frac{\vec{a}-3\vec{b}}{3}\right)$ осыдан сәйкес коэффициенттерін теңестіреміз.

$\frac{2}{3}y = \frac{1}{3}x$, x=2y $\quad \frac{1}{3}y = 1 - x$, $\quad$ x=$\frac{6}{7}$, $y = \frac{3}{7}$

Онда $\frac{QL}{AL} = \frac{AL-AQ}{AL} = 1 - \frac{AQ}{AL} = 1 - y = 1 - \frac{3}{7} = \frac{4}{7}$

$\frac{4}{7}S_{\Delta \mathrm{ABC}} = S_{\Delta BQC}$, осыдан $S_{\Delta \mathrm{ABC}} = \frac{7}{4}$

2. CC_1 кесіндісі АВС үшбұрышының медианасы болып табылады. Центірі О болатын үшбұрышқа сырттай сызылған шеңбердің COC_1 бұрышы-түзу. |<B-<A|=90^0 болатынын дәлелдеңіз.
3. АВСД төртбұрышының АС және ВД диагоналдары өзара перпендикуляр және ұзындықтары сәйкесінше d_1 және d_2 –ге тең. Берілген төртбұрыштың АВ және СД қарама-карсы қырларының орталарынан алынған М және N нүктелерінің арасындағы қашықтықты табыңыз.

Көмекші шеңбер әдісі.

1. АВС үшбұрышында АН және СР биіктіктері жүргізілген. Егер АС=2РН екендігі белгілі болса, В бұрышының мәнін табыңдар.

   Есепті шығару үшін біз қосымша шеңбер еңгіземіз, себебі АРНС



   төртбұрышы арқылы бір шеңбер жүргізуге болады.

   АС диаметр, F центрі, онда АС=2РН екендігінен ΔPFH тең қабырғалы болып шығады.

   Олай болса, $\angle PAH=\frac{1}{2}\angle PFH=30^0$

   $\angle B=\angle AHB-\angle PAH=90^0-30^0=60^0$

2. АВС үшбұрышының А бұрышы В бұрышынан 2 есе үлкен, AL сәулесі А бұрышының биссектрисасы (L нүктесі ВС қабырғасында жатады). AL сәулесінен АК=CL болатындай АК кесіндісі алынған. АК=СК болатынын дәлелдеңіз.
3. АВСД дөңес төртбұрышында АВС бұрышы 90^0 тең, АС=СД, ВСА және АСД бұрыштары тең. F нүктесі АД кесіндісінің ортасы. BF және АС кесінділері L нүктесінде қиылысады. ВС=CL болатынын дәлелдеңіз.

Қорытынды

Бұл жинақта «Batys intellect» жоба жұмысының жалпы сипаттамасы, құрылымы, ережесі және 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстар мен өткізілген оқыту семинарлары енгізілді.

Оқыту семинарларында математика пән мұғалімдеріне олимпиадалық және күрделі есептер талданып, мұғалімдерге бағыт-бағдар беріліп отырылды.

Нәтижесінде: математиканы оқытуда білім сапасының артуына, шығармашылық байқаулар мен олимпиадаларда жетістікке жетуіне септігін тигізді.